

Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелерін шығарудың, айналысқа енгізудің және өтеудің ережесін бекіту туралы<*>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 30 желтоқсан N 1859. Тақырыбы өзгерді - ҚРҰ-нің 2001.04.02. N 437 қаулысымен. ~P010437.

"1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 23-24, 414-құжат) сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алдындағы 1991-1997 жылдары алынған несиелер бойынша берешектерін мемлекеттік бағалы қағаздарға қайта ресімдеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелерін шығарудың, айналысқа енгізудің және өтеудің ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді – ҚР Үкіметінің 2001.04.02. N 437 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстанның Ұлттық Банкі алдындағы 1991-1997 жылдардағы берешектерін өтеуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің меншігіне беру туралы келісім жасассын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1998 жылдың 5 қаңтарында Үкіметтің 1991-1997 жылдардағы кезеңде алынған несиелер бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алдындағы берешегінің сомасына тең көлемде, 36 850 374 мың теңге мөлшерінде он жылдық айналыс мерзімімен Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелерін шығаруды жүзеге асырсын және оларды "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийлері" ЖАҚ-да ашылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі депосының есепшотына есептесін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді – ҚР Үкіметінің 1998.04.07. N 290 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелерін өтеу және оларға қызмет көрсету республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүргізіледі деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелерін шығарудың айналысқа енгізудің және өтеудің ережесі

**Ескерту. Тақырыбы өзгерді – ҚР Үкіметінің 2001.04.02. N 437 қаулысымен.
Ескерту. Мәтіндегі "(мүдде)" және "(мүдденің)" деген сөздер алынып тасталды – ҚР Үкіметінің 2001.04.02. N 437 қаулысымен.**

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелерін (бұдан әрі - арнаулы қазынашылық міндеттеме) он жылдық мерзіммен Қазақстан Республикасының аумағында шығарудың, айналысқа енгізудің және өтеудің тәртібін айқындайды.

"Государственное специальное казначейское обязательство" (ГСКО) атауы қазақ тілінде - "Мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттеме" (МЕАҚАМ) деп аталады.

2. Арнаулы қазынашылық міндеттеме мемлекеттік бағалы қағаздар болып табылады, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Эмитент) шығарады және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес Қазақстанның бағалы қағаздар рыногында еркін айналыста қолданылады.

3. Арнаулы қазынашылық міндеттеме құжатсыз нысанда "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ (бұдан әрі - Орталық депозитарий) шот-депосындағы жазбалар түрінде шығарылады.

II. Арнаулы қазынашылық міндеттемелерді шығару және айналысқа енгізу

4. Арнаулы қазынашылық міндеттемелерді шығаруда Эмитенттің бекітілген шығару параметрлеріне орай, қолданылып жүрген заң актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) берген ұлттық бірдейлендірілген нөмірі болады.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28 N 1369 қаулысымен.

5. Арнаулы қазынашылық міндеттемелерді шығарудың мынадай параметрлері:

- ұлттық бірдейлендірілген нөмірі;
- шығару көлемі;
- айналыс мерзімі;
- шығару күні;
- өтеу күні;

- арнаулы қазынашылық міндеттеменің бастапқы құны;
- сыйақының (мүдденің) ставкасы;
- сыйақыны (мүддені) төлеу күні көрсетілетін (осы Ережеге қосымша) Ауқымды сертификат ресімделеді.

6. Ауқымды сертификат - бірі Эмитент үшін, ал екіншісі Ұлттық Банкі үшін екі данада ресімделеді.

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28 N 1369 қаулысымен.

7. Арнаулы қазынашылық міндеттеменің айналыс мерзімі аяқталғаннан және Эмитент өзінің міндеттемесін атқарғаннан кейін Ауқымды сертификат жарамсыз болып танылады.

8. Арнаулы қазынашылық міндеттеменің бастапқы құны - 1000 (бір мың) теңге.

9. Арнаулы қазынашылық міндеттемелерінің номиналдық құнына, 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Ауқымды сертификатта келтірілген сыйақы есептеледі, бұл ретте тиісті кезеңге арналған сыйақы сомасын есептеу үшін арнаулы қазынашылық міндеттемелер айналысының есептік кезеңіндегі күнтізбелік күндердің саны және жылдағы 365 күн қолданылады.

Ескерту. 9-тармақ өзгерді – ҚР Үкіметінің 1998.12.31. N 1391; 2001.04.02. N 437 қаулыларымен.

10. Арнаулы қазынашылық міндеттеменің айналыс мерзімі 10 күнтізбелік жылды құрайды.

11. Қайталама рыноктағы арнаулы қазынашылық міндеттемелермен жүргізілетін барлық операциялар бағалы қағаздардың қайталама рыногын реттейтін құқықтық актілердің нормативтеріне сәйкес жүзеге асырылады.

12. Арнаулы қазынашылық міндеттемелердің иелері оларды кепілге беруге, РЕПО операцияларын жүргізуге, қайталама рыногта сатып алуға және сатуға құқылы. Бұл ретте инвестор сату-сатып алу, кепілге беру және РЕПО операциялары бойынша барлық операцияларды Орталық Депозитарийге айналысқа енгізу жолымен Бастапқы дилер арқылы ресімдейді.

13. Ұлттық Банк Эмитентке ай сайын Эмитент бекіткен және Ұлттық Банкпен келісілген есептілік нысаны бойынша арнаулы қазынашылық міндеттемелерге, РЕПО операцияларын қоса алғанда, мүліктік құқықтарының ауысқаны туралы есеп ұсынады.

14. Арнаулы қазынашылық міндеттемелерді есепке алу, сақтау және ауыстыру Орталық депозитарий ережелерінің жиынтығына сәйкес Орталық депозитарийдегі шот-депо бойынша жүзеге асырылады.

15. Есептелген сыйақыны (мүддені) төлеу 2000 жылдың 25 маусымынан бастап тиісті күнге әрбір алты айдан кейін, осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген сыйақы есептелген күннен бастап, арнаулы қазынашылық міндеттемелердің айналым мерзімі

шегінде жүргізіледі. Есептелген сыйақыны (мүддені) төлеу күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келген жағдайда, сыйақы (мүдде) есеп айырысу күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні төленеді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 1998.12.31. N 1391 қаулысымен.

III. Арнаулы қазынашылық міндеттемелерді өтеу

16. Эмитент сыйақыны (мүддені) төлеуді және бастапқы құны бойынша арнаулы қазынашылық міндеттемелерді өтеуді оларды шығару кезінде өзіне алған міндеттемелерге қатаң сәйкес жүзеге асырады.

17. Арнаулы қазынашылық міндеттемелерді өтеу және олар бойынша есептелген сыйақыны (мүддені) төлеу республикалық бюджеттің қаражаты есебінен Орталық депозитарийді өтеуге арналған жиынтық ведомста көрсетілген, бастапқы дилерлер шотына ақша аудару жолымен жүзеге асырылады.

18. Ұлттық Банк арнаулы қазынашылық міндеттемелердің айналыс мерзімі аяқталатын және (немесе) олар бойынша сыйақы ставкаларын төлеу күніне дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей Эмитентке арнаулы қазынашылық міндеттемелерді ұстаушылардың кәсіпкер қатысушыларын көрсете отырып негізгі борышты өтеу және (немесе) сыйақы ставкаларын төлеу сомалары көрсетілетін, Орталық депозитарийді өтеудің жиынтық ведомосын жолдайды.

19. Эмитент арнаулы қазынашылық міндеттемелер бойынша проценттерді төлеуге арналған жиынтық ведомстарды алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде бастапқы дилерлердің шоттарына жиынтық ведомоста көрсетілген сомалардың ақшасын аударады.

19-1. Эмитент арнаулы қазынашылық міндеттемелерді сыйақы есептеудің кезекті кезеңінде олардың айналыста болған нақты уақыты үшін сыйақы төлей отырып, мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға құқылы. Эмитенттің мерзімінен бұрын өтеу туралы шешімі мұндай өтеу күніне дейін 7 жұмыс күні бұрын Ұлттық Банкке (келісім бойынша), ал ол, өз кезегінде, 5 жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы бастапқы дилерлерге хабарлайды.

Егер арнаулы қазынашылық міндеттемелердің бастапқы құнын мерзімінен бұрын өтеу күні немесе өтеу күні жұмыс істемейтін күнге келсе, онда, егер Эмитент өзгеше көздемесе, өтеу жұмыс істемейтін күннен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі.

Ескерту. 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 2001.04.02. N 437 қаулысымен.

IV. Қорытынды ережелер

20. Арнаулы қазынашылық міндеттемелерге меншік құқығының бір ұстаушыдан басқасына ауысуы арнаулы қазынашылық міндеттемелерді ұстаушылардың жазбаша

тапсырысының және/немесе электрондық тапсырысының негізінде сатушының және сатып алушының шот-депосына тиісті жазба енгізу жолымен, тек Орталық депозитарий арқылы жүзеге асырылады.

21. Арнаулы қазынашылық міндеттемелермен операциялар бойынша салық салудың тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 21-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 2001.04.02. N 437 қаулысымен.

Қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелерін шығарудың АУҚЫМДЫ СЕРТИФИКАТЫ

Ескерту. Қосымша өзгерді – ҚР Үкіметінің 1998.12.31 N 1391; 2001.04.02. N 437 қаулыларымен.

Осы Ауқымды сертификат Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелерін (бұдан әрі - міндеттемелер) шығарудың барлық көлеміне арналып ресімделген.

Міндеттемелерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 1859 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарады.

Міндеттемелерді шығарудың параметрлері:

Ұлттық бірдейлендірілген нөмірі:

Шығару көлемі: 36 944 127 мың теңге;

Айналыс мерзімі: шығарылған сәттен бастап 10 жыл;

Шығару уақыты: 1998 жылдың 5 қаңтары;

Өтеу уақыты: 2007 жылдың 31 желтоқсаны;

Міндеттемелердің бастапқы құны: 1000 (бір мың) теңге;

Сыйақы (мүдделер) ставкасы: 9,75%;

Сыйақыны (мүддені) есептеу күндері: 25.06.00, 25.12.00., 25.06.01, 25.12.01, 25.06.02, 25.12.02, 25.06.03, 25.12.03, 25.06.04, 25.12.04, 25.06.05, 25.12.05, 25.06.06, 25.12.06, 25.06.07, 25.12.07.

Міндеттемелерді шығарудың нысаны - құжатсыз. Шығару осы Ауқымды сертификатпен ресімделген. Арнаулы қазынашылық міндеттемелерге меншік құқығы " Бағалы қағаздардың орталық депозитарийлері" ЖАҚ-да депо-есепшоттарында жазба нысанында көрсетіледі.

Міндеттемелердің айналысы Қазақстан Республикасының арнаулы қазынашылық міндеттемелерін шығарудың, айналысқа енгізудің және өтеудің ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында жасалған 1998 жылғы " " _____ келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Ауқымды сертификат - біреуі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі үшін, екіншісі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі үшін екі данада жасалады.
Бірінші вице-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК